

**Бейнеу аудандық мәслихатының 2020 жылғы 13 қаңтардағы № 45/363 "2020 - 2022 жылдарға арналған Сам ауылдық округінің бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 2020 жылғы 22 қазандағы № 55/439 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2020 жылғы 27 қазанда № 4327 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және Бейнеу аудандық мәслихатының 2020 жылғы 28 қыркүйектегі № 54/428 "Бейнеу аудандық мәслихатының 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 44/354 "2020 – 2022 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4299 болып тіркелген) сәйкес, Бейнеу аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:

1. "2020 – 2022 жылдарға арналған Сам ауылдық округінің бюджеті туралы" Бейнеу аудандық мәслихатының 2020 жылғы 13 қаңтардағы № 45/363 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4119 болып тіркелген, 2020 жылғы 24 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1 тармағы келесідей мазмұнда жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2020 – 2022 жылдарға арналған Сам ауылдық округінің бюджеті тиісінше осы шешімнің 1, 2 және 3 қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2020 жылға келесідей көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 21 610,0 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер бойынша – 628,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша – 0 теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 0 теңге;

трансферттердің түсімдері бойынша – 20 982,0 мың теңге;

2) шығындар – 21 610,0 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0 теңге;  
 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0 теңге;  
 қарыздар түсімі – 0 теңге;  
 қарыздарды өтеу – 0 теңге;  
 бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0 теңге.";  
 2 тармақ келесідей мазмұнда жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Аудандық бюджеттен 2020 жылға арналған Сам ауылдық округінің бюджетіне 20 982,0 мың теңге сомасында субвенция бөлінгені қаперге алынсын.";

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Бейнеу аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (аппарат басшысы Ж.Оспанов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Бейнеу аудандық мәслихатының экономика және бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (К.Т.Тарғынов).

4. Осы шешім 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Бейнеу аудандық мәслихатының хатшысы*

*Қ.Тарғынов*

*А.Ұлұқбанов*

Бейнеу аудандық мәслихатының  
 2020 жылғы 22 қазандағы  
 № 55/439 шешіміне қосымша  
 Бейнеу аудандық мәслихатының  
 2020 жылғы 13 қаңтардағы  
 № 45/363 шешіміне 1 қосымша

## 2020 жылға арналған Сам ауылдық округінің бюджеті

Санаты			Сомасы, мың теңге
Сыныбы			
Кіші сыныбы			
		Атауы	
		1. Кірістер	21 610,0
1		Салықтық түсімдер	628,0
	01	Табыс салығы	1,0
	2	Жеке табыс салығы	1,0
	04	Меншікке салынатын салықтар	627,0
	1	Мүлікке салынатын салықтар	18,0
	3	Жер салығы	7,0
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	602,0
4		Трансферттердің түсімдері	20 982,0
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	20 982,0
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	20 982,0

Функционалдык топ		Сомасы, мың теңге
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
Бағдарлама		
Атауы		
	2. Шығындар	21 610,0
01	Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	18 446,0
124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	18 446,0
	001 Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	18 446,0
07	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	3 164,0
124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3 164,0
	009 Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	480,0
	011 Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	2 684,0
	3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
	Бюджеттік кредиттер	0
	Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
	4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
06	Қаржы активтерін сатып алу	0
6	Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
	5. Бюджет тапшылығы (профициті)	0
	6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0
	Қарыздар түсімдері	0
	Қарыздарды өтеу	0
8	Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0
01	Бюджет қаражаты қалдықтары	0
	1 Бюджет қаражатының бос қалдықтары	0